

**Манғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**



**2024-2025 оқу жылына арналған
Тәрбие жұмысын асыру іс-шаралар жоспары**

«КЕЛІСЕМІН»

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

Жарылгасынова Б.И.

Биссалиева А.М.

«28» 08 2024ж.

«БЕКІТЕМІН»

Манғыстау облысы білім басқармасының

Манғыстау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№17 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің

директоры З.А.Казиева

08 2024ж.



«№17 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Тәрбие жұмысы жоспары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

2024-2025 оқу жылы

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Өскелеңжасұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын
- Қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету		
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚРО қуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031)
2	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170
3	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚРО қуағарту министрінің 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767
4	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
5	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306
6	«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. №216 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

7	«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
8	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жанбасына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138
9	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
10	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
11	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128
12	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. №57 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495
13	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
14	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. №125 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292
15	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»	https://adilet.zan.kz/kaz/

	санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы	docs/V2100023890
16	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1
17	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279
18	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызығарымын қолдау курстарының кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420
19	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085
20	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553
21	«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067
22	«Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915
23	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшем шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы №514 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355
24	«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту	https://online.zakon.kz

	туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы	kz/Document/?doc_id=37431780
25	«Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ30.03.2022ж.№117бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414
26	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ12.01.2022ж.№4бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare
27	«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ12.01.2022 ж. №6 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare
28	«Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ2020жылғы21сәуірдегі№153 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449
29	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан- дағы № 518-IV Кодексі	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
30	«Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000789
31	«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламат- тығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жыл- дарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023ж.№748 қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748
32	«Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтары- на әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ25.05.2021ж.№235бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
№	Атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ таныстыру	Әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жоспар құру	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И.	Тамыз
2	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің дайындаған 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» таныстыру	Педагогикалық кеңес	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И.	Тамыз
3	Тәрбие жұмысының 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын жасау және бекіту	Жұмыс жоспарын жасақтау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И.	Тамыз
4	Жылдық тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша сынып жетекшілерге кеңес беру	Жұмыс жоспарын жасақтау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Сынып жетекшілер: Ташхинова Ф. Шакирова Н.Ж.	Тамыз
5	Әлеуметтік педагог, мектептің педагог-психологі, мектеп кітапханашысымен біріккен әдістемелік кеңес өткізу.	Әдістемелік	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Психолог: Ногаева Ф.А., Олжабай Г.А. Кітапханашы: Багитова А.	Тамыз

6	Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырысы	Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Сынып жетекшілер: Ташхинова Ф. Шакирова Н.Ж.	Жоспар бойынша
7	Оқушылардың «Өзін - өзі басқару», «Жас Ұлан», «Адал ұрпақ», ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарын мектеп директоры алдында талқылау, жоспардың орындалысын бақылау.	Жұмыс жоспарын жасақтау, талқылау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Мектеп тәлімгері	Жоспар бойынша
8	Қамқоршылық кеңес құрамымен жаңа оқу жылындағы өзгерістермен, толықтырулар туралы талқылау жиыны.	Жиын	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Сынып жетекшілер: Ташхинова Ф. Шакирова Н.Ж. Сынып жетекшілер	Жыл бойы
9	«Оқушылардың үлгерімі, тәртібі, мінез-құлқындағы оң нәтижелі өзгерістер» атты нәтижелі сынып жетекшілердің тренинг сабағы	Тренинг сабақ	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, психолог, сынып жетекшілер	Уақытында
10	Оқушылар арасында өткізілетін облыстық, қалалық, аудандық байқаулардың мектепшілік кезеңдерін ұйымдастыру	Байқау	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Бейінді істер жөніндегі директордың	Уақытында

			орынбасары	
11	Оқушыларды үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту бойынша ақпараттық түсіндіру жұмысы	Түсіндіру жұмысы	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Үйірме жетекшілері	Қыркүйек
12	Жас маман сынып жетекшілерге әдістемелік – қолдау көрсету	Әдістемелік отырыс	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И.	Уақытында
13	Мектепте ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметінің жұмысын жандандыру	Танымдық сабақ	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И.	Тамыз
14	Тәуекел тобындағы балалармен жұмыс	Профилактикалық жұмыс	ДТІЖО Биссалиева А.М. Жарылгасынова Б.И. Педагог - психолог: Ногаева Ф.А. Олжабай Г.А.	Қазан
15	Мектепшілік профилактикалық кеңес жұмысы	Отырыс	Мектеп әкімшілігі	Тоқсан сайын, қажеттілікке қарай

III. Іске асыру тетіктері:

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

I.Тәуелсіздік және Отаншылдық:

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
мемлекеттік тілді меңгеру;
Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

II.Бірлік және Ынтымақ:

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

III.Әділдік және Жауапкершілік

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;
достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

IV. Заң және Тәртіп:

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда

белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

V.Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік:

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін

құрметтеу; өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын

қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

VI. Жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар:

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Апта дәйексөздері:

Қыркүйек айы

Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына
Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!
Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)
Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)

Қазан айы

Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!
Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!
Отанды сүю – отбасынан басталады!
Отаным – алтын бесігім!

Қараша айы

Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!
Тура биде туған жоқ!
Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі
Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

Желтоқсан айы

Бірлігі күшті ел озады
Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді
Бірлік болмай тірлік болмас
Ынтымақ – бұзылмайтын қорған

Қаңтар айы

Талап бар жерде тәртіп бар

Тәртіп – тәрбие бастауы
Әділ заң – аспан тірегі
Тәртіпсіз ел болмайды

Ақпан айы

Жасампаздық – бәрімізге өнеге
Шығармашыл бала – ойлы бала
Өнерлі бала өрге жүзер
Жаңашылдық – заман талабы

Наурыз айы

Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)
Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік
Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады
Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең

Сәуір айы

Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)
Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)
Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар
Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер

Мамыр айы

Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ
Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ
Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)
Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. (Күлтегін)

**«№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары**

III. Тәрбиелік іс шаралардың орындалуы				
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКІТІЛІК АЙЫ				
1	Білім күні «Мектебім – мейірім мекені!» 1,11 сынып, «Менің Отаным - Қазақстан» 1-11 сыныптар Тұжырымдаманы іске асыру	Салтанатты жиын, сынып сағаттары, бейнероликке ұсынылған тақырыптарды әлеуметтік желіге жариялау.	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер	1 -2 қыркүйек
2	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	Асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. спорттық ойындарының видеороликтерін әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	Күнделікті
3	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15 минуттық жеке әңгімелесуі	Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер, ата-аналар	Күнделікті
4	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (1-4, 5-7 сынып оқушылары)	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	Тәрбие ісінің орынбасары, сынып жетекшілер	Күнделікті
5	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні
6	Қазақстан халқы тілдері күні «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»	Іс-шаралар жоспары, әлеуметтік желілерге	Кадирбаева А., Алиева Г.,	2-6 қыркүйек

	апталық	жариялау	Аманжолова Р. бірлестік жетекшілері	
7	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылу.	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. Жансая Э., Багитова А.	Апта сайын
8	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге қатысу (9-11 сынып оқушылары)	Іс-шаралар жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	Тәрбие ісінің орынбасары, педагог-профориентатор	Айына бір рет
9	Халықаралық отбасы күні «Отбасы – тәрбиенің ең тамаша мектебі» апталық	Іс-шаралар жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	Тәрбие ісінің орынбасары, Тәлімгер	9-13 қыркүйек
10	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының аясында 1,5 сынып ата-аналарына арналған «Тайм-менеджмент және өзін-өзі басқару» тақырыбында ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысының хаттамасы, әлеуметтік желілерге жариялау	Жарылгасынова Б, 1,5 сынып жетешілері, педагог-психологтар	2-6 қыркүйек
11	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының аясында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында челлендж өткізу	Әлеуметтік желілерге жариялау	Жарылгасынова Б. сынып жетешілері	9-13 қыркүйек
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде	Асық, тоғызқұмалақ, бес	ДТІЖО	Күнделікті

	білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	тас және т.б. спорттық ойындарының видеороликтерін әлеуметтік желілерге жариялау	Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	
2	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15 минуттық жеке әңгімелесу	Жарылгасынова Б.И., ата-аналар	Күнделікті
3	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (1-4, 5-7 сынып оқушылары)	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	Тәрбие ісінің орынбасары, сынып жетекшілер	Күнделікті
4	«Менің Қазақстаным» ҚР Ұнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Ұнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні
5	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастыру	Тәрбие ісінің орынбасары, оқу ісінің орынбасары, кітапханашы	Апта сайын
6	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Тәрбие ісінің орынбасары, педагог-профориентатор	Айына бір рет

	қатысу (9-11 сынып оқушылары)			
7	Қарттар күні «Аман жүрші, қарттарым!»	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, сынып жетекшілер	1 - қазан
8	Ұстаздар күні «Ұстазым, сенің әр күнің, әр сәтің тұрған бір ерлік» апталық	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, Бердиева А., мектеп парламенті	30.09-4.10
9	«Шабыт» жобасы аясында «Даналық ұстаздан» тақырыбында челлендж (1-4 сыныптар)	Бейнежазба, мақала, ән-өлең арнау, суреттер байқауы туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, Бердиева А., мектеп парламенті	30.09-4.10
10	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі (5-8 сыныптар)	Ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Тәрбие ісінің орынбасары, көркем еңбек пәнінің мұғалімі, сынып жетекшілер	7-11 қазан
11	«Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету» еріктілер қызметі (мектеп парламенті)	Бейнежазба, фото, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Дтіжо Биссалиева А.М., Бердиева А.Е. мектеп парламенті	14-18 қазан
12	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында дебат (мектеп парламенті)	Дебат хаттамасы, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Дтіжо Биссалиева А.М., мектеп парламенті, Естаубаева Н.А. Халмуратова Ж.	21-25 қазан
13	25 қазан – Республика күні «Республикам, ерікті ел - Қазақстан» апталық	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Дтіжо Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., Бердиева А.Е. мектеп	21-25 қазан

			парламенті	
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	Асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. спорттық ойындарының бейнежазбаларын әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	Күнделікті
2	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15 минуттық жеке әңгімелесу	ДТІЖО Жарылгасынова Б.И., сынып жетекші, ата-аналар	Күнделікті
3	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	ДТІЖО Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Күнделікті
4	«Менің Қазақстаным» ҚР Ұнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Ұнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні
5	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастыру	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. Жансая Э., Багитова А.	Апта сайын
6	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында	Іс-шаралар жоспары,	ДТІЖО	Айына бір

	«Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге қатысу (9-11 сынып оқушылары)	бейнежазбаларды әлеуметтік желілерге жариялау	Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, педагог-профориентатор	рет
7	Ұлттық валюта күні «Ұлттық теңге – тәуелсіз Қазақстанның айшығы»	Тәрбие сағаты, ақпаратты әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, сынып жетекшілері	11 - қараша
8	«Шабыт» жобасы аясында 1-4 сынып оқушыларына арналған «Ананың аялы алақаны» тақырыбында челлендж өткізу	Бейнежазбаларды әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, 1-4 сынып жетекшілері	4-8 қараша
9	Дүниежүзілік Мейірім күніне орай «Мейірімге толы жүрек» тақырыбында акция өткізу	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі орынбасары, тәлімгер	13 қараша
10	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында <i>«Білімді Отанымға арнаймын»</i> тақырыбында 8-10 сынып оқушыларына арналған зияткерлік ойындар	Хаттама, марапаттау, ақпаратты әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, сыныптың пән мұғалімдері	11-15 қараша
11	«SMARTBALA» жобасы аясында 5-7 сынып оқушыларына арналған «Startup» байқауы, (хакотон, челлендж, инновациялық идеялар презентациясы және т.б.)	Ереже, байқау қорытындысы, хаттама, марапаттау, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері	18-22 қараша
12	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай 9-11 сынып оқушыларына арналған әдеби кеш немесе	Сыныптан тыс іс – шараның жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, кітапханашы Багитова	25-29 қараша

	«Шұғаның белгісі» шығармасы бойынша оқырман конференциясы		А.І, Халмурадова Ж	
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	Асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. спорттық ойындарының фото, бейнежазбаларын әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	Күнделікті
2	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15 минуттық жеке әңгімелесуі	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И, ата-аналар	Күнделікті
3	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	ДТІЖО Биссалиева А.М., сынып жетекшілер	Күнделікті
4	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні
5	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастыру	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. Жансая Э., Багитова А.	Апта сайын

6	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге қатысу (9-11 сынып)	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М, педагог-профориентатор	Айына бір рет
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Махамбет Өтемісұлының 220 жыл толуына орай тарихи-әдеби кеш (8-10 сыныптар), мәнерлеп оқу сайысы (5-7 сыныптар)	Іс-шара жоспары, бейнежазба, фото мен ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М, кітапханашы Багитова А.І	2 – 6 желтоқсан
8	Тәуелсіздік күні «Тұғыры биік – Тәуелсіздік» онкүндік	Іс-шара жоспары, бейнежазба, фото мен ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М, тәлімгер Бердиева А.Е, мектеп парламенті, сынып жетекшілер	9 – 13 желтоқсан
9	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында тақырыптық дебат өткізу (мектеп парламенті)	Дебат хаттамасы, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Тәлімгер Бердиева А.Е, Халмұрадова Ж., мектеп парламенті	9 – 13 желтоқсан
10	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловқа 130 жыл толуына орай тарихи кеш, Шерхан Мұртазаның «Бала Тұрар» әңгімесі бойынша оқырмандар конференциясы	Іс-шара жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М, кітапханашы Багитова А.І Дошахов К.Ж.	17– 20 желтоқсан
11	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровқа 100 жыл толуына орай ақпараттық сабақ (9-11 сынып оқушыларына)	Ақпараттық қабырға газеттері, презентациялар мен ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М, кітапханашы Багитова А.І Кадирбаева А.	23– 27 желтоқсан
ҚАҢТАР–ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				

1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар марафоны» тақырыбында 9-10	Анықтама, марапаттау, әлеуметтік желіге	ДТІЖО Биссалиева А.М.,	Айына бір рет
	сынып оқушыларына арналған ақпараттық лекциялар оқу	жариялау	Жарылгасынова Б.И. , педагог-профориентатор	
2	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 5-6 сынып оқушыларына арналған зияткерлік ойындар өткізу	Анықтама, марапаттау, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарас А., Бердиева А.	13-17 қантар
3	«SMART BALA» жобасы аясында 7-8 сынып оқушыларына арналған «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты байқау өткізу	Хаттама; суреттерді әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И.	13-17 қантар
4	5-11 сынып оқушыларына арналған «Өмірге салауатты қадам» тақырыбындағы жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу жұмыстары	Хаттама; әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., медбике, сынып жетекшілері	20-24 қантар
5	«Досболіке» акциясы аясында «Достық қолыңды ұсын...» атты 1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушыларына арналған тренинг өткізу	Хаттама, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., Ногаева Ф.А. Аманбай Г.	20-24 қантар
6	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында 5-7 сынып ата-аналарына арналған дөңгелек үстелді өткізу	Хаттама, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері	27-31 қантар

7	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Отбасылық таланттар» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары мен ата-аналарға арналған «Отбасылық өнер»	Ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. , ата-аналарды	27-31 қантар
---	---	--------------------------------------	---	-----------------

	сайысы		педагогикалық қолдау орталығының мүшелері	
8	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы») / асық ату, тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тартыс/сынып аралық спорттық сайыстар өткізу (8-11 сынып оқушылары)	Іс шара жоспары, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	Жарас А., Бердиева А. спорттық үйірме жетекшілері/	27-31 қантар

АҚПАН-ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мұзбалақ ақын -Мұқағали» тақырыбында 5-8 сынып оқушыларына арналған мәнерлеп оқу сайысы	Іс шара жоспары, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Багитова А., пән мұғалімдері	3-7 ақпан
2	«Күйзелістен шығар жол. Күйзелісті жеңуге көмектесеміз.» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына арналған тренинг өткізу	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Ногаева Ф.А. Аманбай Г., ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері	3-7 ақпан
3	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Сабырлылық– асыл қасиет» тақырыбында ата-аналарға арналған дөңгелек үстел	Хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Жарылгасынова Б.И., Ногаева Ф.А. Аманбай Г., ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері, жергілікті ішкі істер қызметкерлері	3-7 ақпан

4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына арналған челлендж	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Багитова А.	10-14 ақпан
5	«Қауіпсіз қоғам» тақырыбында құқық	Хаттама, әлеуметтік	ДТІЖО Жарылгасынова	10-14 ақпан

	бұзушылықтың алдын алу бойынша ақпараттандыру жұмыстары	желіге жариялау	Б.И., тәлімгер Бердиева А., «Адал ұрпақ» клубының мүшелері	
6	«Сенім арту - жетістік кепілі», «Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?» тақырыбында 1-4, 5-7 сынып оқушыларына арналған тренинг өткізу	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Психолог Ногаева Ф.А, Аманбай Г.	17-21 ақпан
7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына арналған кездесу кеші (арнайы орта, ЖОО мамандарымен кездесу)	Хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., кәсіптік бағдар беруші педагог	17-21 ақпан
8	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында тақырыптық дебат ойынын өткізу (мектеп парламенті)	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	Жарас А., Бердиева А.	24-28 ақпан
9	«Әр нәрсенің өлшемі бар...», «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?» тақырыбында 8-9, 10-11 сынып оқушыларына арналған пікірталас кеші	Хаттама, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., кәсіптік бағдар беруші педагог, ұйымдастырушы - педагог Жарас А.	24-28 ақпан

10	«SMART BALA» жобасы аясында «Startup» байқауын өткізу	Анықтама, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО Жарас А., Бердиева А., ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері	24-28 ақпан
----	---	--	--	-------------

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ АЙЫ

1	Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту – парызың!» тақырыбында арналған іс шаралар	Анықтама, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И.,, ұйымдастырушы-педагог Жарас А., үйірме жетекшілер, Бердиева А.	3-7 наурыз
2	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні «Бәрі де ана бір өзіңнен басталды»	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., Бердиева А., мектеп парламенті	3-7 наурыз
3	«Шабыт» жобасы аясында «Ананың аялы алақаны» тақырыбында 5-8 сынып оқушыларына арналған челлендж	Бейнежазба, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И.,, Бердиева А., сынып жетекшілер	3-7 наурыз
4	«Шабыт» жобасы аясында «Ұлттық мәдениет» көрмесін өткізу	Фото, бейнежазба, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	Үйірме жетекшілер, Бердиева А., мектеп парламенті	11-14 наурыз
5	«Домбыра Party»челлендж	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., ұйымдастырушы-педагог Жарас А.,үйірме жетекшілер	11-14 наурыз
6	«Қамқор» жобасы аясында «Жер сағаты» экологиялық акциясын өткізу	Фото, бейнежазба, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., ,	17-20 наурыз

			сынып жетекшілер	
7	Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне орай «Наурызнама-2025» тақырыбында онкүндіктің іс шаралары	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., ұйымдастырушы-педагог Жарас А., үйірме жетекшілер	17-20 наурыз
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК АЙЫ				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	Асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. спорттық ойындарының фото, бейнежазбаларын әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	Күнделікті
2	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15 минуттық жеке әңгімелесу	ДТІЖО Жарылгасынова Б.И., ата-аналар, сынып жетекшілер	Күнделікті
3	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	ДТІЖО Биссалиева А.М., сынып жетекшілер	Күнделікті
5	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні

6	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. Жансая Э., Багитова А.	Апта сайын
---	---	--	--	------------

		стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастыру		
7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге қатысу (9-11 сынып)	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., педагог-профориентатор	Айына бір рет
8	«Қамқор» жобасы аясында 11 сынып оқушыларына арналған түлектердің ағаш егуі эчелленджі	Челлендж туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., 11 сынып жетекшілері	7-11 сәуір
9	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ғылым күніне» орай тематикалық дебат өткізу (мектеп парламенті)	Дебат туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., дебат клубының жетекшісі	14-17 сәуір
10	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Атадан - өсиет, анадан – қасиет» тақырыбында ата-аналарға арналған шеберлік сыныбын өткізу (1-4, 5-9 сынып)	Шебер сынып жоспары, ақпаратпен әлеуметтік желіде бөлісу	ДТІЖО Жарылгасынова Б.И. , АПҚО жауапты сынып жетекшілері	21-25 сәуір
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ				

1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру	Асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. спорттық ойындарының фото, бейнежазбаларын әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М. Дене шын-ру пәнінің мұғалімі: Сисенов Ж.	Күнделікті
2	«Өнегелі 15 минут»	Ата-ана мен баланың 15	Тәрбие ісінің орынбасары,	Күнделікті

		минуттық жеке әңгімелесуі	ата-аналар	
3	«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	Тәрбие ісінің орынбасары, сынып жетекшілер	Күнделікті
5	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер	Аптаның бірінші күні
6	«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві	Мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастыру	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. Жансая Э., Багитова А.	Апта сайын

7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» – презентациялар, тренингтер, кездесулер сынып сағаттары, мамандықтар жәрмеңкелеріне, экскурсиялар мен көрмелерге қатысу (9-11 сынып)	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., педагог- профориентатор	Айына бір рет
8	1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні «Бірлігі жарасқан тәуелсіз Қазақстан»	Іс-шаралар жоспары, ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. , тәлімгер Бердиева А., сынып жетекшілер	1 - мамыр
9	Отан қорғаушылар күніне орай «Шабыт»	Өткізгендігі туралы	ДТІЖО	28 сәуір-2

	жобасы аясында 8-10 сынып оқушыларына арналған «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, музыка пәнінің мұғалімі	мамыр
10	Ұлы Жеңіс күніне орай «Шабыт» жобасы аясында 1-4, 5-7 сынып оқушыларына арналған «Мектеп театры» жұмысының патриоттық тақырыптағы шағын қойылымдары	Қойылым жоспары, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., сынып жетекшілер, жоба жетекшілері, тарих, әдебиет пәндерінің мұғалімдері	5-8 мамыр
11	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы (презентация, бейнежазба, сайыс және т.б.)	Өткізгендігі туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И., АПҚО жауапты сынып жетекшісі	12-16 мамыр

12	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында Отбасы күніне арналған «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында әкелерге арналған шебер сынып өткізу	Өткізгендігі туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. , АПҚО жауапты сынып жетекшісі	19-23 мамыр
14	25 мамыр – мектеп бітіру іс – шарасы «Мектебім, саған мың алғыс!»	Салтанатты жиын, бірыңғай сынып сағаттары	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер	25- мамыр
13	Балаларды қорғау күніне орай ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Балаларды қорғау күні» акциясы	Өткізгендігі туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Биссалиева А.М., Жарылгасынова Б.И. , АПҚО жауапты сынып жетекшісі	1 маусым

